

УДК 551.311.21+627.1-1

551.40(5846)

**СЕЛ ҚАУІП-ҚАТЕРІНЕН САҚТАНДЫРУДЫҢ
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН ЕНГІЗУ ЖАҒДАЙЫНДА СЕЛ
ҚАУІП – ҚАТЕРІН БАСҚАРУ ТИІМДІЛІГІНІҢ АРТУЫ**

А.К. Ботпаев

Селден келген зиянды өтеуді көздейтін сел қауіп – қатері мен сақтандыру қорын салаытырудан және превентивтік іс – шараларды қаржылауға, сондай-ақ селдердің жаппай өтуі жағдайында сақтандыру өтемдерін төлеуге арналған сақтандыру резервтерінен шыға отырып, сел қауіп – қатерін басқарудың тиімділігі артуының болашағына баға берілді.

Сел қауіп – қатерінен сақтандыру тұжырымдамасын енгізу есебінен оны басқарудың тиімділігін арттырудың мүмкіндігі жайша қарағанда априори сияқты. Бұл сақтандыру сыйлықтарды төлеу арқылы жапа шеккендердің алып алаөздері жасаған сақтандыру қорынан осы мұқтаждыққа қажетті бір бөлігін тарту есебінен селдердің кері әсеріне ұшырығандардың зиянын өтеуге арналған мемлекеттік шығынның азаюы мен туындайды [2].

Сақтандыру қорының резерві есебінен сел пайда болуы ықтималдығы мен олардың әкелген зиянын болдырмауға немесе азайтуға бағытталған превентивтік іс – шаралардың қарқындылығы мүмкін бұл сел қауіп – қатерін жалпылай азайтуға зиянды болдырмау жөніндегі жедел іс – шараларды дер кезінде жүзеге асыруды қамтамасыз ететін сел қауіпті ахуалдың мониторингісінің зоналары мен құрамын кеңейтуге қарау – қалпына келтіру жұмыстарының қарқынын тездету, соған сәйкес жанама зияндарды азайтуға мүмкіндік береді.

Сел қауіп – қатерін басқарудың тиімділігін арттырудағы сақтандырудың үлесі сел қауіп – қатерінің шамасы мен селдерден келетін зияндарды өтеуді көздейтін сақтандыру қорының ара қатынасымен және превентивтік іс – шараларды қаржылауға, сел ақуалдарынан сақтандырудың мониторингісіне, сондай-ақ селдердің жаппай өтетін жағдайында сақтандыруды өтемді төлеуге бағытталған сақтандырудың резервімен анықталады.

Сақтандыру қорының айтарлықтай бөлігі сақтанушылардың төлейтін сақтандыру сыйлықтарынан қалыптасады. Сақтандыру қорының болжамдық көлемі актуарлық есептеудің көмегімен анықталады.

Сел алабының аумағы үшін таза мөлшерлеменің шамасы осы алаптағы сақтандыру нарығының сапасы мен сел қауіп – қатерінің дәрежесін бағалаудан шыға отырып анықталады.

Сел қауіп – қатерінің дәрежесі таза мөлшерлеменің көбеюін немесе азаюын анықтайтын вектор болып табылады. Сақтандырушылардың төлеу қабілеттілігі мен туындайтын сақтандыру нарығының және оның жекелеген сегменттерінің сапасы таза мөлшерлеменің өсуін шегеріп отырады.

Жалпы мөлшерлеме таза мөлшерлемеге пропорциялы болып келеді, өйткені ол таза мөлшерлеменің 10...30 % - ін құрайтын таза мөлшерлеме мен үстенің шамасынан тұрады.

Сақтандыру қорының көлемі сақтанушылардың санына тәуелді болады, ол өз кезегінде селдердің тікелей және жанама ықпалдары зонасымен және оның шегінде тұратын реципенттердің саны мен сондай-ақ олардың төлеу қабілеттілігімен және сақтандыру мәдениеті мен туындайды.

Превентивтік іс-шараларды, мониторингті және құлақтандыруды жүргізу үшін құрылатын сақтандыру резервтерінің, сондай-ақ апаттық – құтқарулық жұмыстардың және олардың зардаптарын жоюдың көлемі аумақтық сел қауіп – қатерінің дәрежесімен және осы басқарулық әрекеттердің қажеттілігімен жүзеге асырылады. Бірақ олар сақтандыру қорының жалпы көлемі мен шектеліп тұрады.

Сел қауіп – қатерін сақтандыру тиімділігінің дәрежесі сақтандыру қоры көлемінің өтемдерді төлеу бойынша қажетті шығындарға және превентивтік іс – шараларға барабар болуына байланысты әр түрлі болуы мүмкін. Әр түрлі аумақтар бойынша ол жоғары, орташа және төмен болуы мүмкін.

Сақтандырудың географиялық ерекшеліктерін талдау нәтижесінде оның сел қауіп – қатерін басқарудың тиімділігі артуындағы үлесінің клавиметрлік бағалары алынды [1]. Іле Алатауының орталық бөлігіндегі өзендердің негізгі алаптары бойынша олар төменде келтірілді.

Түрген өзені алабының биіктаулы зонасында сел қауіп – қатерінің кешенді бағалануы төмен. Сақтандыру нарығының жалпы бағалануы – жақсы деңгейде. Алаптың селдердің жаппай өтуіне қатысуының дәрежесі

– төмен. Негізгі басқарулық әрекеттер – мониторинг; мореналық көлдердің мелиорациясы. Таза мөлшерлеме жоғарғы. Жалпы мөлшерлеме – жоғары. Сақтандыру өрісі – кішкене. Сақтандыру қоры – орташа. Сел қауіп – қатерін басқару бойынша резервтер – орташа. Тиімділігі – жоғары.

Түрген өзені алабының ортабиіктаулы және аласатаулы зоналарында сел қауіп – қатерін кешенді бағалауы – дағдарысты. Сақтандыру нарығының жалпы бағалануы – жақсы деңгейде. Негізгі басқарулық әрекеттері – мониторинг, құлақтандыру, жекелеген шаруашылық нысандарды қайта орналастыру, оңашаланған селге қарсы және тасқындарға қарсы қорғаулық имараттар. Алаптың селдердің жаппай өтуіне қатынасу дәрежесі – төмен. Таза мөлшерлеме – орташа. Жалпы мөлшерлеме – орташа. Сақтандыру өрісі – орташа. Сел қауіп – қатерін сақтандырудың тиімділігі – орташа.

Есік өзені алабының биіктаулы зонасы. Сел қауіп – қатерін кешенді бағалануы – төмен. Сақтандыру нарығының жалпы бағалануы – жақсы деңгейде. Негізгі басқарулық әрекеттері – мониторинг, мореналық көлдердің мелиорациясы. Алаптың селдердің жаппай өтуіне қатынасу дәрежесі – төмен. Таза мөлшерлеме – жоғары. Жалпы мөлшерлеме – жоғары. Сақтандыру өрісі – кішкене. Сел қауіп – қатерінен сақтандырудың тиімділігі – жоғары.

Есік өзені алабының ортабиіктаулық және аласа таулық зоналарында сел қауіп – қатерін кешенді бағалануы дағдарысты. Сақтандыру нарығы деңгейінің жалпы бағалануы – жақсы. Негізгі басқарулық әрекеттері: мониторинг, құлақтандыру, оқшауланған селге қарсы және тасқынға қарсы қорғаулық имараттар, жекеленген нысандарды қайта орналастыру, тұрғындарды басқа жерге көшіру, нөсер генезисті селдердің қалыптасу ошақтарының су жиналу алабында мелиоративтік іс – шаралар. Алаптың селдердің жаппай өтуіне қатынасуының дәрежесі – төмен. Таза мөлшерлеме – орташа. Жалпы мөлшерлеме – орташа. Сақтандыру өрісі – орташа. Сел қауіп – қатерінен сақтандырудың тиімділігі – орташа.

Талғар өзені алабының биіктаулы зонасы. Сел қауіп – қатерін кешенді бағалау – төмен. Сақтандыру нарығының жалпы бағалау – жақсы деңгей. Негізгі басқарулық әрекеттері – мониторинг, мореналық көлдердің мелиорация, құлақтандыру. Алаптың селдердің жаппай өтуіне қатынасуының дәрежесі – төмен. Таза мөлшерлеме – жоғары. Жалпы

мөлшерлеме – жоғары. Сақтандыру өрісі – кішкене. Сел қауіп – қатерінен сақтандырудың тиімділігі – жоғары.

Талғар өзенінің алабы ортабиікті және аласатаулы зоналарда. Сел қауіп – қатерінің кешенді бағалауы – дағдарысты. Сақтандыру нарығы деңгейінің жалпы бағалауы – жақсы. Негізгі басқарулық әрекеттері – мониторинг, құлақтандыру, тұрғындардың бір бөлігін басқа жерге көшіру, жекелеген шаруашылық нысандарды қайта орналастыру, оқшауланған тасқынға қарсы және қорғаулық іс – шаралар мен имараттар. Алыптың селдердің жаппай өтуіне қатынасуының дәрежесі – орташа. Таза мөлшерлеме – орташа. Жалпы мөлшерлеме – орташа. Сақтандыру өрісі – орташа. Сел қауіп – қатерінен сақтандырудың тиімділігі – орташа.

Кіші Алматы – биіктаулы және орта биіктаулы зоналар. Сел қауіп – қатерін кешенді бағалау – күйреулік. Сақтандыру нарығын жалпы бағалау - өте жақсы деңгей. Негізгі басқарулық әрекеттері – мониторинг, құлақтандыру, мореналық көлдердің мелиорациясы, селдерге қарсы оқшаулау қорғаулық имараттар. Алаптың селдің жаппай өтуіне қатынасуының дәрежесі – орташа. Таза мөлшерлеме - өте жоғары. Жалпы мөлшерлеме - өте жоғары. Сақтандыру өрісі – орташа. Сел қауіп – қатерінен сақтандырудың тиімділігі – жоғары.

Кіші Алматы – аласатаулы зона. Сел қауіп – қатерін кешенді бағалау – күйреулік. Сақтандыру нарығын жалпы бағалау - өте жақсы. Негізгі басқарулық әрекеттері – мониторинг, құлақтандыру, селдерге қарсы қорғаулық имараттар, жекеленген нысаналарды қайта орналастыру, тұрғындардың бір бөлігін және тұрғын нысандарды көшіру: Алаптың селдердің жаппай өтулеріне қатынасу дәрежесі – жоғары. Таза мөлшерлеме - өте жоғары. Жалпы мөлшерлеме - өте жоғары. Сақтандыру өрісі – үлкен. Сел қауіп – қатерінен сақтандырудың тиімділігі – жоғары (бірақ сел қауіп – қатерінің күйреулігі есебінен ондай жоғары емес).

Үлкен Алматы – биіктаулы зона. Сел қауіп – қатерін кешенді бағалау – дағдарысшы, бірақ күйреулік болуы мүмкін. Сақтандыру нарығын жалпы бағалау – жақсы деңгейде. Негізгі басқарулық әрекеттері – мониторинг, мореналық көлдердің мелиорациясы, құлақтандыру. Алаптың селдің жаппай өтуіне қатынасуының дәрежесі – жоғары. Таза мөлшерлеме – жоғары. Жалпы мөлшерлеме – жоғары. Сақтандыру өрісі – үлкен емес. Сел қауіп – қатерінен сақтандырудың тиімділігі – жоғары.

Үлкен Алматы – биіктаулы зона. Сел қауіп – қатерін квалиметрлік бағалау – күйреулік. Әлеуметтік сақтандыру нарығын жалпы бағалау - өте

жақсы деңгей. Негізгі басқарулық әрекеттері – мониторинг, құлақтандыру, оқшауланған селдерге қарсы қорғаулық имараттар, нысандардың басым бөлігін қайта орналастыру. Алаптың селдердің жаппай өтуіне қатысуының дәрежесі – жоғары. Таза мөлшерлеме - өте жоғары. Жалпы мөлшерлеме - өте жоғары. Сақтандыру өрісі –үлкен емес. Сел қауіп – қатерінен сақтандырудың тиімділігі – жоғары.

Ақсай өзені алабының биіктаулы және орта биіктаулы зоналарында. Сел қауіп – қатерін кешенді квалиметрлік бағалау – төмен. әлеуметтік сақтандыру нарығын жалпы бағалау – жақсы деңгей. Негізгі басқарулық әрекеттері – мониторинг, құлақтандыру, селдерге қарсы және тасқындарға қарсы қорғаулық имараттар, жекеленген нысандарды қайта орналастыру. Алқаптың селдердің жаппай өтуіне қатынасуының дәрежесі – орташа. Таза мөлшерлеме – орташа. Жалпы мөлшерлеме – орташа. Сақтандыру өрісі – орташа. Сел қауіп – қатерінен сақтандырудың тиімділігі – жеткіліксіз.

Ақсай өзені алабының аласатаулы зонасында сел қауіп – қатерін кешенді бағалау – күйреулік. Сақтандыру нарығын жалпы бағалау – жеткіліксіз жақсы деңгей. Негізгі басқарулық әрекеттері – мониторинг, құлақтандыру, селдерге қарсы және тасқынға қарсы қорғаулық имараттар. Алаптың селдердің жаппай өтуіне қатысуының дәрежесі. Таза мөлшерлеме – орташа. Таза мөлшерлеме – орташа. Жалпы мөлшерлеме – орташа. Сақтандыру өрісі – орташа. Сел қауіп – қатерінен сақтандырудың тиімділігі.

Қаскелең өзенінің алабы – биіктаулы және ортабиік таулы зоналар. Сел қауіп – қатерін кешенді бағалауы – төмен. Сақтандыру нарығын жалпы бағалауы – орташа деңгейде. Негізгі басқарулық әрекеттері – мониторинг, құлақтандыру, көл мореналарының мелиорациясы. Алаптың селдердің жаппай өтуіне қатысуының дәрежесі – төмен. Таза мөлшерлеме – орташа. Жалпы мөлшерлеме – орташа. Сақтандыру өрісі – үлкен емес. Сел қауіп – қатерінен сақтандырудың тиімділігі – орташа.

Қаскелең өзенінің алабы – аласа таулы зона. Сел қауіп – қатерін кешенді бағалау – дағдарысты. Сақтандыру нарығын жалпы бағалауы – жақсы деңгейде. Негізгі басқарулық әрекеттері – мониторинг, құлақтандыру, тасқындарға қарсы іс – шаралар, жекеленген нысандарды қайта орналастыру. Алаптың селдердің жаппай өтуіне қатынасуының дәрежесі. Таза мөлшерлемесі – орташа. Жалпы мөлшерлемесі – орташа.

Сақтандыру өрісі – орташа. Сел қауіп – қатерінен сақтандырудың тиімділігі – орташа.

Сақтандырудың жоғары тиімділік аумақтары сел қауіп – қатерінің төмен деңгейімен және первентивтік іс – шаралардың жоғарғы еместігімен, бірақ сақтандыру нарығының жоғары еместігі мен сипатталатын Түрген өзені алабының биіктаулы зонасы; Есік өзені алабының биіктаулы зонасы, Талғар өзені алабының биіктаулы зонасы қауіп – қатер мен сақтандыру нарығы деңгейлерінің арақатынасы ұқсас, Үлкен Алматы өзені алабының биіктаулы зонасы; Кіші Алматы өзені алабының биіктаулы және орта биіктаулы зоналары сақтандыру нарығының бағалануы өте жоғары, Үлкен Алматы өзені алабының орта биіктаулы зонасы болып табылады. Бірақ Үлкен Алматы өзені алабының орта биіктаулы зонасында сел қауіп – қатері өте айтарлықтай болып келеді, сондықтан сақтандырудың тиімділігі жоғары деп бағаланады (бірақ «өте жоғары» емес деп, өйткені ол тек сел қауіп – қатерітөмендеу деңгейде болғанда ғана бағаланады). Сел қауіп – қатерінен сақтандырудың тиімділігі – жоғары (бірақ сел қауіп – қатерінің күйретулік есебінен өте жоғары емес).

Сел қауіп – қатерінен сақтандырудың тиімділігінің орташа дәрежесімен Түрген өзені алабының орта биіктаулы және аласатаулы зоналары, Есік өзені алабының орта биіктаулы және аласатаулы зоналары, Талғар өзені алабының орта биіктаулы және аласатаулы зоналары, Қаскелең өзені алабының биіктаулы, орта биіктаулы және аласатаулы зоналары, сел қауіп – қатерінің дағдарыстыдеңгейін қауіп – қатерден сақтандырудың жақсы деңгейі сәйкес келетін Ақсай өзені алабының биіктаулы және орта биіктаулы зоналары сипатталады.

Ақсай, Шымалған, Ұзын Қарғалы өзендері алабтарының аласатаулы зоналарында және сел қауіп – қатері дағдарысты санатқа жататын, сақтандыру нарығының деңгейі онша жақсы емес алапаралық аумақтарда сел қауіп – қатерінен сақтандыру онша тиімді болмауы мүмкін.

Түгелдей алғанда Іле Алатауының аумағында сел қауіп – қатерін басқарудың тиімділігінің артуы айтарлықтай мәнді болады, өйткені оның кейбір аумақтардағы жеткіліксіз деңгейі басқа аумақтардың жоғары және орташа деңгейімен өтеліп отырады.

Сақтандыру тұжырымдамасын енгізу есебінен сел қауіп – қатерін басқару тиімділігінің әрі қарай өсуі сел қауіп – қатерінің азаюы және

сақтандыру нарығы сапасының өсуі жағдайында байқалатын болады. Сақтандыру нарығының сапасы сел қауіп – қатері реципиенттерінің төлем қабілеттілігі мен сақтандыру мәдениетінің артуы негізінде өседі. Егер халықтың тұрмыс деңгейінің жалпы өсуімен және республиканың экономикалық өсуімен туындаған болса, онда ол реципиенттердің төлем қабілеттілігінің артуы жалпы мемлекеттік міндет болса, онда сақтандыру мәдениетінің өсуі сақтандыру саласының айрықша құзыреті болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Азгальдов Г.Г. Общие сведения о методологии квалиметрии // Стандарты и качество.- 1994.- № 11.- С. 24-27.
2. Архипов А.П. О страховой защите населения и территорий от чрезвычайных ситуаций // Финансы.- 2000.- № 3.- с.36-39

Институт географии ЦНЗМО КН МОН РК

ПОВЫШЕНИЕ ЭФФЕКТИВНОСТИ УПРАВЛЕНИЯ СЕЛЕВЫМ РИСКОМ ПРИ ВНЕДРЕНИИ КОНЦЕПЦИИ ЕГО СТРАХОВАНИЯ

А.К. Ботпаев

Дана оценка перспектив повышения эффективности управления селевым риском, исходя из сопоставления величин селевого риска и страхового фонда, предусматривающего возмещение ущерба от селей, и страховых резервов, направленных на финансирование превентивных мероприятий, а также выплату страховых возмещений в случае массового прохождения селей.